

"Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 наурызда № 20137 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15564 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларында:

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Күдіктімен немесе айыпталушымен некеге тұрғысы келетін адам тергеу изоляторына тұрғылықты жері немесе тергеу изоляторы орналасқан орны бойынша АХАТ органы куәландырған өтінішті (ерікті нысанда), сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуші адамның немесе органның көрсетілген күдіктімен немесе айыпталушымен кездесуіне берген рұқсатын (ерікті нысанда) ұсынады. Некеге тұруға ниет білдіру туралы өтініш келіп түскен кезде тергеу изоляторының әкімшілігі оны күдіктіге немесе айыпталушыға өзіне қатысты бөлігін толтыру үшін береді.";

101-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тергеу изоляторларының әкімшілігі қылмыстық процесті жүргізуші адамның немесе органның рұқсаты болған кезде, некені тіркегеннен кейін күдіктіге немесе айыпталушыға Заңның 17-бабына сәйкес жұбайымен (зайыбымен) кездесуге рұқсат етеді.";

15-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер Министрі

Е. Турғумбаев

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрінің

2020 жылғы 16 наурызы

№ 219 бұйрығына қосымша

Қылмыстық-атқару жүйесі

тергеу изоляторларының ішкі

тәртіптеме қағидаларына

15-қосымша

нысан

№ _____

(облыс атауы)

тергеу изоляторының бастығына

Туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуге рұқсат қағазы

Азамат(ша) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабында көзделген қылмысты жасағаны үшін жазаға

тартылған, _____ жылғы "___" _____ туған,

_____ (қылмыстық процесті жүргізетін органның атауы)

тіркелген _____ -мен кездесуге рұқсат етілгенін

(күзетпен ұсталатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) хабарлаймыз.

_____ ҚОЛЫ _____

_____ (қылмыстық процесті жүргізетін адамның лауазымы, тегі)

20____ жылғы "___" _____

КЕЛІСЕМІН

_____ ҚОЛЫ _____

(қылмыстық процесті жүргізетін орган басшысының лауазымы, ТАӨ (болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК